

Хабарлама: 2021 жылғы 25 қазанда "ForteBank" АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтеді

"ForteBank" АҚ (бұдан әрі – Банк) оның атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 8/1, өз акционерлеріне Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының (бұдан әрі – "Акционерлік қоғамдар туралы" Заң) 35-бабының 1-тармағы, 37-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы және 41-бабы негізінде Банктің Директорлар кеңесінің бастамасымен (2021 жылғы 21 қыркүйектегі № 32 хаттамасы) шақырылып жатқан Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – Жиналыс) өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Жиналыс 2021 жылғы **25 қазанда** Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 10.00-ден бастап келесі мекенжайда өткізіледі: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 8/1, 8-қабат, "Astana" мәжіліс залы.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 25 қазанда Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 09.00-ден бастап 09.45-ке дейін Жиналыс өткізілетін орында жүргізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқы бар Банк акционерлерінің тізімі 2021 жылғы 11 қазанда Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 00.00-гі жағдайы бойынша жасалады.

Кворум болмаған жағдайда, Жиналыс 2021 жылғы 26 қазанда Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағ. 10.00-ден бастап сол мекенжай бойынша қайтадан өткізіледі. Қайтадан өткізілетін Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 26 қазанда Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 09.00-ден бастап 09.45-ке дейін Жиналыс өткізілетін орында жүргізіледі.

* * *

Жиналыстың күн тәртібі:

1. "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау.
2. Директорлар кеңесінің мүшесін – ForteBank АҚ тәуелсіз директорын сайлау және оған сыйақы беру деңгейін анықтау туралы.

* * *

"Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 43-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жиналыстың күн тәртібіне қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген акционер немесе директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар енгізілуі мүмкін, мұндай толықтырулар туралы Банк акционерлеріне Жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 күннен кешіктірilmей хабарланған жағдайда.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Заңның 44-бабының 4-тармағына сәйкес, Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банк Басқармасы орналасқан жерде Жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болады.

Банк акционерінің сауал салуы болған кезде Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар оған сауал салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығындарды акционер көтереді.

Жиналыс өткізуге байланысты қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы біле аласыз: +7 (7172) 59 99 99, ішкі 10200.

* * *

Осы арқылы Банк акционерлеріне Жиналыс өткізудің келесі тәртібін танысуға ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңының 17-бабының 5-тармағына сәйкес оффшорлық аймақтарда тіркелген, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар қызметтерінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы 2020 жылғы 24 ақпандағы №8 қаулысын қараңыз) Қазақстан Республикасының резидент банктерінің дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иелене және (немесе) пайдалана алмайды және (немесе) оларға билік ете алмайды.

Аталған баптың 5-1 тармағына сай Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционер, егер оның өз акционерлерінің (қатысушылардың) тіркелген елі туралы ақпарат банкте жоқ болса, өтінішті табыс етеді, онда осындай акционерлердің (қатысушылардың) осы баптың 5-тармағының талаптарын

орындағаны туралы көрсетеді. Осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген өтінішті табыс етпеген акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға жіберілмейтіні көзделген.

Осыған байланысты тіркеу кезінде Жиналысқа қатысушылар өздерінің Жиналысқа қатысу және Жиналыста қаралатын мәселелер бойынша дауыс беру құқығын растайтын құжаттарды берулері қажет.

Жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс. Акционердің өкілі оның жиналысқа қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты немесе сенімхатсыз акционердің атынан әрекет ету немесе оның мүддесін таныту құқығын растайтын құжатты беруі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды анықтауда есептелмейді және дауыс беруге қатыса алмайды.

Жиналыс кворум болған жағдайда белгіленген уақытта ашылады.

Жиналыста жиналыс төрағасы мен хатшысы сайланады, дауыс беру түрі – ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) анықталады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңның 50-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтары бойынша дауыс беру "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық сұрақтары бойынша бір дауыс беруді қоспағанда.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

Жиналыс өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жиналыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңның 52-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің Жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

Жиналыс "Акционерлік қоғамдар туралы" заңның 35, 36, 37, 39–48, 50, 51, 52 және 54 баптарына, Банк және банк қызметтері туралы заңның 17 бабының 5 және 5-1 тармақтарына және Банк Жарғысының 15 бабына сәйкес өткізіледі.

* * *

Жиналыстың күн тәртібіндегі "Директорлар кеңесінің мүшесін – "ForteBank" АҚ тәуелсіз директорын сайлау және оған сыйақы беру деңгейін анықтау туралы" сұрағына сәйкес **2021 жылғы 11 қазандағы сағат 18-00 дейін** Банкке Банк Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерді ұсынуыңызды сұраймыз.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 44 бабының 2 тармағына сәйкес Банк Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын үміткерлер туралы ақпарат келесілерден тұруы тиіс:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкке үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) қызметіне қатысты соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Банк Директорлар кеңесінің құрамына сайлануға ұсынылған тұлға Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңының 20 бабында, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 54 бабында белгіленген басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай болуы тиіс. Тәуелсіз директор лауазымына сайлануға ұсынылған тұлға сонымен қатар "Акционерлік қоғамдар туралы" заңның 1 бабының 20) тармақшасының талаптарына сай болуы тиіс.

* * *

Банк акционерлерін Банктің акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.